

Жұмыспен қамту қызметі мемлекеттік өкімет билігінің басшылығына бағынысты жұмыс істейтін жалдау жөніндегі бюролардың ұлттық жүйесінен құралады.

3-бап

1. Бұл жүйе жергілікті желілерді, ал бұл орынды деп саналатын жерлерде елдің әрбір географиялық аймағына қызмет көрсетуге саны жағынан жеткілікті және кәсіпкерлер мен еңбекшілер үшін ыңғайлы орналасқан бюроларды да қамтиды.

2. Осы желілердің ұйымдары:

а) мына жағдайларда:

I) экономикалық қызметті және өз бетімен жұмыс істейтін адамдарды бөлуде едәуір өзгерістер болған жағдайда және:

II) егер өкіметтің құзыретті органы мұндай тексеру жүргізу сынақ жүргізу кезеңінде жинақталған тәжірибеге баға беру үшін қажет деп санаған кезде тексеруден өткізіледі және

б) мұндай тексеру қайта қараудың қажет екендігін көрсететін әрбір ретте қайта қаралады.

4-бап

1. Жұмыспен қамту қызметін ұйымдастыру ісінде және олардың қызметтерінде, сондай-ақ оның саясатын әзірлеуде кәсіпкерлер мен еңбекшілер өкілдерін ынтымақтастыққа тарту үшін консультативтік комитеттер арқылы тиісті шаралар қолданылады.

2. Осы шаралар бір немесе бірнеше ұлттық консультативтік комитеттер, ал қажет болған жерлерде аймақтық және жергілікті комитеттер құруды көздейді.

3. Кәсіпкерлер мен еңбекшілердің өкілді ұйымдары бар жерлерде сол ұйымдардың кеңесі бойынша бұл комитеттерге кәсіпкерлер мен еңбекшілер өкілдері саны жағынан бірдей етіп тағайындалады.

5-бап

Бос орындарға еңбекшілерді жіберу ісіндегі жұмыспен қамту қызметінің жалпы саясаты кәсіпкерлер мен еңбекшілер өкілдерімен кеңескеннен кейін, 4-бапта көзделген консультативтік комитеттер арқылы жасалады.

6-бап

Жұмыспен қамту қызметі еңбекшілерді жұмысқа тиімді іріктеп алуды және орналастыруды қамтамасыз ете алатындай болып ұйымдастырылады, ол үшін:

а) еңбекшілерге лайықты жұмыс табуға жәрдемдеседі және кәсіпкерлерге қажетті еңбекшілерді таңдап алуға көмектеседі; атап айтқанда жалпы мемлекеттік ауқымда әзірленген ереже негізінде таңдап алуға, ол:

I) жұмыс іздеушілерді тіркейді, олардың кәсіптік біліктілігіне, тәжірибесі мен ұсыныстарына есеп жүргізеді, оларға жұмыс тауып беру үшін олардың өздерімен әңгімелеседі, қажет болған жағдайда олардың денсаулығының жай-күйін және кәсіптік даярлығын тексеріп алады, тиісті жағдайларда олардың кәсіптік бағдар алуына, даярлықтан және қайта даярлықтан өтуіне жәрдемдеседі;

II) кәсіпкерлердің жұмыспен қамту орындарына хабарлайтын бос жұмыс орындары туралы және олардың керекті қызметкерлерге қоятын талаптары туралы нақты мәліметтер жинастырады;

III) бос жұмыс орындарына лайықты кәсібі бар және өзінің денсаулығының жай-күйіне қарай сол жұмысты істеуге жарамды үміткерлерді жібереді;

IV) жұмыс іздеушілер өздері алғаш барған бюроның көмегімен лайықты жұмыс орындарына орналастырылмаған немесе ұқсас қызметтерге лайықты үміткерлерді алуға болмайтын жағдайда немесе осындай шаралардың орындылығын дәлелдейтін басқа жағдайларда жекелеген жалдаушы бюролар арасында жұмыс іздеушілер мен бос жұмыс орындары тізімдерін алмасуды ұйымдастырады;

b) мыналар үшін:

I) әртүрлі жұмыстарда жұмыс күшіне деген ұсынысты деген сұраныспен келісу үшін кәсіптерін ауыстыруды оңайлату;

II) лайықты жұмыс табу мүмкіндігі бар аудандарға еңбекшілерді орналастыруға жәрдемдесу мақсатында аумақтық ауысуларын оңайлату;

III) жұмыс күшіне деген ұсыным мен сұраным арасындағы жергілікті уақытша сәйкессіздікті жою мақсатында жұмысшыларды бір ауданнан екінші ауданға уақытша ауыстыруды оңайлату;

IV) мүдделі үкіметтер шешкен жерлерде еңбекшілерді бір елден екінші елге ауыстыруды жеңілдету үшін тиісті шаралар қолданады;

c) өкіметтің басқа органдарымен ынтымақтаса отырып, бұл орынды деп саналатын жерлерде, кәсіпкерлермен және кәсіподақтармен бірге жұмыспен қамту рыногындағы жағдай туралы және бүкіл еліміз бойынша да, өнеркәсіптің жекелеген салалары, кәсіптер мен аудандар бойынша оның ықтимал дамуы туралы қолда бар бүкіл ақпараттарды жинап зерттейді және осы мәліметтерді өкімет органдарына, кәсіпкерлер мен еңбекшілер ұйымдарына және жұртшылыққа уақытында әрі жүйелі түрде ұсынып отырады;

d) жұмыссыздықтан сақтандыру ісін басқаруда, көмек көрсетуде және жұмыссыздардың жағдайын жеңілдету жөніндегі басқа да істерде ынтымақтастықта болады;

e) басқа да мемлекеттік және жеке мекемелерге жұмыспен қамту мәселелерінде қолайлы ахуалдарды қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық жоспарларды әзірлеуге қажетінше көмектеседі.

7-бап

М ы н а л а р :

- а) кәсіптер мен өнеркәсіп салаларын, мәселен ауыл шаруашылығы саласын мамандандыруды және осындай мамандандыру пайдалы болуы мүмкін басқа да салалар бойынша түрлі жалдау бюроларын мамандандыруды оңайлату үшін;
- б) мүгедектер сияқты жұмыс іздеуші адамдардың айрықша түрлерінің мұқтажын тиісінше қанағаттандыру үшін шаралар қолданылады.

8-бап

Жұмыспен қамту және кәсіптік бағдар беру шеңберінде жасөспірімдерге арналған арнайы шаралар әзірленіп, қабылданады.

9-бап

1. Жұмыспен қамту қызметінің қызметкерлері өздерінің құқықтық жағдайы және қызмет жағдайлары бойынша үкіметтің ауысуына тәуелсіз және сыртқы орынсыз ықпалдардан тәуелсіз мемлекеттік қызметшілерден құралады, себебі бұл қызмет талаптарына сәйкес келеді, қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
2. Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу үшін ұлттық заңдар белгілеген ережелерді сақтаған жағдайда жұмыспен қамту қызметінің қызметкерлері өздерінің міндеттерін орындау үшін біліктілік белгілері бойынша ғана таңдап алынады.
3. Үкіметтің құзыретті органы осы біліктілікті тексеру әдістерін белгілейді.
4. Жұмыспен қамту қызметінің қызметкерлері өздерінің міндеттерін орындауға қажетті ақпаратты алады.

10-бап

Жұмыспен қамту қызметі, ал қажет болған жерде басқа да өкімет орындары кәсіпкерлермен, еңбеккерлермен, мүдделі басқа да органдармен ынтымақтаса отырып жұмыспен қамту қызметтері ұсынған мүмкіндіктерді кәсіпкерлер мен еңбеккерлердің ерікті негізде толық пайдалануын ынталандыру үшін қолдан келген барлық шараларды қабылдайды.

11-бап

Уәкілетті органдар мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтері коммерциялық пайданы мақсат етпейтін мен жалдау жөніндегі жекеменшік бюролардың арасындағы тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге қажетті барлық шараларды қабылдайды.

12-бап

1. Егер Ұйым Мүшесінің аумағында үлкен аудандар болып, ол жерлерде халықтың сирек қоныстануы және аудан дамуы деңгейінің ыдыраңқылығы салдарынан өкіметтің уәкілетті органы бұл Конвенцияны қолдану іс жүзінде мүмкін болмайды деп санайтын болса, онда бұл орган мұндай аудандарда Конвенцияны қолданудан мүлдем алып тастауы не мұны істеу мақсатты деп санайтын кейбір кәсіпорындар мен кәсіптерді ғана а л ы п т а с т а у ы м ү м к і н .

2. Ұйымның әрбір мүшесі осы Конвенцияны қолдану туралы Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес ұсынатын өзінің жыл сайынғы бірінші баяндамасында осы баптың ережелерін қолдануға мәжбүр барлық аудандарды, сондай-ақ өзі осы жағдайларды қолдануды ұйғарған себептерді көрсетеді. Ұйым Мүшелерінің ешқайсысы өздерінің жыл сайынғы бірінші баяндамасын ұсынғаннан кейін осы баптың ережелерін осы баяндамада көрсетілген аудандардан басқаларға қ о л д а н а а л м а й д ы .

3. Ұйымның осы баптың ережелерін қолданатын әрбір мүшесі өзінің келесі жыл сайынғы баяндамаларында осы баптың ережелерін қолдану құқығынан бас тартатын кез келген ауданды көрсетеді.

13-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітетін әрбір Мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының Халықаралық Еңбек Ұйымының Жарғысына Түзетулер енгізу туралы 1946 жылғы Актісіне сәйкес өзгертілген 35-бабындағы аумақтарға қатысты, және осы баптың 4 және 5-тармақтарында айтылған аумақтарды қоспағанда, Конвенцияны бекіткеннен кейін кешіктірмей Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына м ы н а л а р д ы :

а) Ұйымның мүдделі мүшесі Конвенция ережелерін өзгеріссіз қолдануға м і н д е т т е н е т і н а у м а қ т а р д ы ;

б) Конвенция ережелерін өзгерістерімен және бұл өзгерістердің егжей-тегжейімен қоса қ о л д а н у ғ а м і н д е т т е н е т і н а у м а қ т а р д ы ;

с) Конвенция қолданылмайтын аумақтарды және бұл жағдайларда оның қ о л д а н ы л м а у с е б е п т е р і н ;

д) өзінің шешімін іркіп кейінге қалдырған аумақтарды көрсетіп өтініш жолдайды.

2. Осы баптың 1-тармағының а) және б) тармақшаларында айтылған міндеттемелер бекіту туралы құжаттың ажырамас бөлігі болып саналады және оның салдары онымен б і р д е й б о л а д ы .

3. Ұйымның кез келген Мүшесі өзінің жаңа өтініші арқылы оның бұдан бұрынғы өтінішіндегі ескертпелерінің бәрінен немесе ішінара бөлігінен осы баптың 1-

тармағының б, с, және d тармақшаларына орай бас тартуына болады.

4. Ұйымның кез келген мүшесі 17-баптың ережелеріне сәйкес Конвенция күшін жоюы мүмкін кезең ішінде Бас Директорға бұның алдындағы кез келген өтінішіндегі жағдайларды өзгертетін және белгілі бір аумақтардағы ахуал туралы хабарлайтын жаңа өтініш жолдай алады.

14-бап

1. Осы Конвенцияда қозғалатын мәселелер метрополиядан тыс аумақтың өкімет билігінің өз құзыретімен толық немесе негізінен қамтылатын болған кезде, осы аумақтың халықаралық қатынастары үшін жауапты Ұйым мүшесі осы аумақ үкіметінің келісімі бойынша Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына осы Конвенция бойынша осындай аумақтың атынан міндеттемелер қабылдайтыны туралы өтініш жібереді.

2. Осы Конвенция бойынша міндеттемелерді қабылдайтыны туралы өтінішті Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына:

а) Ұйымның өздерінің бірігіп басқаруында болатын аумаққа қатысты екі немесе одан да көп мүшесі;

б) Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысы ережелерінің негізінде қандай да болсын аумақты басқаруға жауапты немесе осындай аумаққа қатысты қолданыстағы қандай да болсын басқа да қаулылар негізінде оларды басқаруға жауапты халықаралық билік орындары жібереді.

3. Осы баптың бұдан бұрынғы тармақтарына сәйкес Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілетін өтініштерде Конвенция ережелері осы аумақта өзгерістерімен қоса немесе өзгерістерінсіз қолданылу-қолданылмайтындығы көрсетіледі; егер өтініште Конвенция ережелері өзгерістерімен қоса қолданылады деп көрсетілсе, онда бұл өзгерістердің неден тұратындығы нақтыланады.

4. Мүдделі Ұйымның мүшесі немесе мүшелері немесе халықаралық билік орындары кез келген уақытта жаңа өтініш арқылы алдағы өтініштердің біреуінде айтылған өзгерістерді пайдалану құқығынан толық не ішінара бас тартуы мүмкін.

5. Мүдделі Ұйымның мүшесі немесе мүшелері немесе халықаралық билік орындары 17-баптың ережелеріне сәйкес Конвенцияның күші жойылуы мүмкін кезеңдерде Бас Директорға бұның алдындағы кез келген өтініштің шарттарын кез келген қатынаста өзгертетін және осы Конвенцияны қолданылуына қатысты болған ережелер туралы хабарлайтын жаңа өтініш жіберуі мүмкін.

15-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Директорына жіберіледі.

16-бап

1. Бұл Конвенция бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесін бекіту туралы құжаттарды Бас Директор тіркегеннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Кейіннен осы Конвенция Ұйымның Әрбір Мүшесіне қатысты құжаттары тіркелген күннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

17-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілгеннен кейін он жыл өткен соң оны Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас директорына жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акт арқылы күшін жоя алады. Күшін жою осы күшін жою туралы акт тіркелгеннен кейін бір жылдан соң күшіне енгізіледі.

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген мүшесі жоғарыда айтылған он жыл кезең өткеннен кейін бір жыл мерзім ішінде күшін жою туралы осы бапта көзделген өзінің құқығын пайдаланбаса, келесі он жыл мерзімде байланыста болады және соңынан әрбір он жылдық мерзім біткен сайын осы Конвенцияның күшін осы бапта көрсетілген тәртіппен жоя алады.

18-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне бекіту туралы барлық құжаттардың және өзінің Ұйым Мүшесінен алған күшін жою туралы актілердің тіркелгені туралы хабарлайды.

2. Бекіту туралы өзі алған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым Мүшелеріне хабарлай отырып, Бас Директор олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

19-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін бекіту туралы алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өздерінде тіркелген барлық құжаттарға қатысты толық мәліметтерді, өтініштер мен күшін жою туралы актілерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Секретарына жібереді.

20-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп тапқан әрбір ретте Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндаманы ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді.

21-бап

1. Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаған жағдайда, және жаңа конвенцияда керісінше көзделмеген б о л с а , о н д а :

а) ұйымның кез келген басқа мүшесінің жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітуі, жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген жағдайда, 17-баптың ережелеріне қарамастан, осы Конвенция күшінің жедел түрде өзінен өзі жойылуына әкеліп с о қ т ы р а д ы ;

б) жаңа, қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны бекіткен, бірақ жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітпеген Ұйымның Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан өз күшінде қалады .

22-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тіліндегі мәтіндерінің күші бірдей.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.